

Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайын зерделеу жөнінде комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 12 наурыз N 30-ө

1. Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайын кешенді

зерделеу және аймақтың экономикасын одан әрі дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында мына құрамда комиссия құрылсын:

Әбітаев - Энергетика, индустрия және сауда бірінші
Есберген Әбітайұлы вице-министрі, комиссияның төрағасы

Мұхамеджанов - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
Бектас Ғафурыұлы кеңесшісі, төрағаның орынбасары

Абдрахманов - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
Есіркеп Оңланбекұлы министрлігі Әлеуметтік қамсыздандыру
департаментінің директоры

Бакеев - "KEGOC" АҚ-ның коммерциялық
Александр Владимирович диспетчер бөлімінің бастығы

Дүзбаев - "Қазақойл" ҰМК департаментінің
Сатыбай Қуанышұлы директоры

Елеманов - Қазақстан Республикасының
Болат Далдайұлы Инвестициялар жөніндегі агенттігі
директорының міндетін атқарушы

Ержанов - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
Сырымғали Ержанұлы Кеңесінің Ұйымдастыру, бақылау және
қауіпсіздік бөлімінің бас инспекторы

Қалиева - Қаржы министрлігі Бюджет
Қарлығаш Тұлпарбекқызы департаментінің бас экономисі

Мәдиев - Көлік, коммуникациялар және туризм
Біржан Мұхаметжанұлы министрлігі Экономикалық реттеу және
мемлекеттік тапсырыстар департаментінің
директоры

Сембин - "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау
Дулат Егімбайұлы жөніндегі ұлттық компаниясы жабық
акционерлік қоғамы Күрделі құрылыс
және жөндеу департаментінің менеджері

Сиражев - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі
Нұрлан Жақсығалиұлы Кеңсесінің Қаржы-экономикалық
сараптама бөлімінің консультанты

Сүлейменов - Орман, балық және аң шаруашылығы
Рафиқ Фрунзеұлы комитеті балық ресурстарын ұдайы өндіру
бөлімінің бастығы

Шамұратов - Ауыл шаруашылығы министрлігі
Сүйіндік Шамұратұлы Маркетинг департаментінің бас маманы

Шыңғысов - Қазақстан Республикасының Табиғи
Нүркен Мұхамеджанұлы монополияларды реттеу және бәсекені
қорғау жөніндегі агенттігі Бәсекені дамыту
және тұтынушылардың құқығын қорғау
департаментінің бас маманы

Шоқпытов - Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік
Андар Мәулешұлы және жекешелендіру департаменті
директорының бірінші орынбасары

2. Жүктелген міндеттерді орындау үшін комиссияның жергілікті және орталық атқарушы органдардан (оның ішінде олардың аумақтық бөлімшелерінен) қызығушылық туғызған мәселелер бойынша қажетті ақпаратты, ұсыныстар мен қорытындыларды алуға құқығы бар.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1999 жылдың 15

наурызына дейінгі мерзімде тиісті министрліктер мен ведомстволарға көзделген лимиттерге сәйкес комиссия мүшелеріне іссапар шығыстарына қаражаттың бөлінуін қамтамасыз етсін.

4. Комиссия 29 наурызға дейінгі мерзімде қорытынды материалдарды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсынсын.

Премьер-Министр

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.